

**«Оқу сауаттылығы» бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған  
тест спецификациясы  
(2026 жылдан бастап қолдану үшін)**

**Тест мақсаты:** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

**Тест міндеті:** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастыру үшін оқу сауаттылығы бойынша білімді меңгеру деңгейін бағалау.

**Тест мазмұны:**

| №  | Бөлім                                             | №  | Тақырып                                                        |
|----|---------------------------------------------------|----|----------------------------------------------------------------|
| 01 | Адам және оның қоршаған ортасы. Табиғат           | 01 | Отбасы және демографиялық өзгеріс. Отбасылық өмір құндылықтары |
|    |                                                   | 02 | Достық. Қызығушылықтар. Хобби                                  |
|    |                                                   | 03 | Мамандық. Жұмыс                                                |
|    |                                                   | 04 | Спорт және салауатты өмір салты. Саяхат. Демалыс               |
|    |                                                   | 05 | Табиғат құбылыстары. Ауа райы мен климат                       |
|    |                                                   | 06 | Жан-жануарлар, жәндіктер, құстар және өсімдіктер әлемі         |
| 02 | Білім және ғылым. Тарих. Мәдени мұра              | 07 | Білім. Ғылым                                                   |
|    |                                                   | 08 | Тұлғалар. Атақты адамдар өмірі                                 |
|    |                                                   | 09 | Өнер                                                           |
|    |                                                   | 10 | Техникалық прогресс                                            |
| 03 | Мемлекеттер мен қалалар. Өлеуметтік қарым-қатынас | 11 | Мемлекеттер. Географиялық орналасуы. Экономикасы               |
|    |                                                   | 12 | Астаналар мен қалалар. Архитектура мен құрылыс                 |
|    |                                                   | 13 | Бұқаралық ақпарат құралдары туралы                             |
|    |                                                   | 14 | Адамзаттың жаһандық проблемалары                               |

**Тест мазмұнының сипаттамасы:**

Тест оқу сауаттылығы бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тест тапсырмасынан тұрады.

| Мәтін №  | Мәтіндегі сөз саны | Тапсырмалар саны |
|----------|--------------------|------------------|
| №1 мәтін | 60-100 сөз         | 2                |
| №2 мәтін | 100-150 сөз        | 3                |
| №3 мәтін | 150-350 сөз        | 5                |

Тест тапсырмалары ақпараттарды түсінуді, мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіндердің негізгі ойы мен түрлерін және стильдерін анықтауды, әртүрлі дереккөздерден ақпарат шығарып алуды тексеруге бағытталған.

**Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:**

Тесттегі тест тапсырмаларының қиындығы үш деңгейде берілген: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 2 минутты құрайды.

**Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.